

«Тұранмектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Индекс: 160024, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, «Тұран» мөлтек ауданы,
Жаңақұрылыс көшесі, №2186 үй. БСН: 190640008340, телефон 8-775-477-86-01

Бұйрық

2022 жылғы 21 қараша

№ 21

Шымкент қаласы

«Міндетті білім беру қоры есебінен бір реттік ыстық тамақпен қамту және брокераж комиссиясының құрамын құру» туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығының және Шымкент қаласындағы білім беру ұйымдарында 1-4 сынып білім алушыларын тегін мектеп тамағымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы 2021 жылғы 2 желтоқсандағы қала әкімі М.Әйтемовтың №1524 қаулысы және «Қамқоршылық» кеңесі мүшелерінің 14.11.2022 жылы күнгі №1 хаттамасы шешімі негізінде 2022-2023 оқу жылында оқушыларға «Міндетті білім беру қорынан» қарастырылған қаржыға тегін ыстық тамақ ұйымдастыру мақсатында БҰЙЫРЫМЫН:

1. «Міндетті білім беру қорынан» қарастырылған қаржыға 2022-2023 оқу жылында 1-4 сынып 495 оқушы қамтылсын;
2. Күнделікті тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізіліп, санитарлық қағидалармен бекітілген бойынша брокераж журналына жазба енгізу және сатуға тыйым салынған тамақ өнімдерінің болмауын қадағалау мектеп медбикесі мен брокераждық комиссия мүшелеріне жүктелсін.
3. Асхананың санитарлық талаптарға сай болуына және оның ішінде карантиндік талаптардың енгізілуіне жауапты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары жүктелсін.
4. Асхана ішінде кезекшілік ұйымдастыру және оны ауысым бойынша қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұ.Б. Садироваға жүктелсін.
5. Брокераж комиссия мүшелері сайланып тізімі жасалсын.
6. Осы бұйрықтарды орындауына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А.А. Сарманова